

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 15 қараша N 1534. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.11.29. N 1453 қаулысымен.

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы дағдарысынан шығару және оның төлем қабілетін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2173 Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы қарызын өтеуге қабілеті жоқ борышқор деп танылсын және соттан тыс қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілсін.

Қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілетін кезеңде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру тоқтатыла тұрсын. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына берешектерін өтеудің мерзімін келісу тапсырылсын.

2. <*>

3. <*>

4. <*>

Ескерту. 2,3 және 4 тармақтарының күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1996.04.11. N 425 қаулысымен.

5. 1995 жылдың 13 қарашасынан бастап өнімді экспорттау мен өткізу, шикізат, отын, материалдар беріп тұру жөнінде жасалған шарттардың күші тоқтатыла тұрсын және "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының сенімді басқарушысына контрактілерді қайта жасау тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы үшін 1995 жылдың 13 қарашасынан бастап 800 (сегіз жүз) млн. теңге сомасында кредит берудің айлық лимитін белгілесін. Бұдан әрі ай сайын кредит беру оның қоймаларындағы дайын өнім көлемінің кемінде 90 проценті есебі бойынша жүргізілсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Шығыс Қазақстан облысының әкімі бюджетке, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы

бойынша несиелері мен кредиттерін және "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының кредит беруші кәсіпорындардың алдындағы берешектерін 1995 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жалпы сомасы 2 944 млн. (екі миллиард тоғыз жүз қырық төрт миллион) теңге осы объектінің сметалық құнының 50 проценті өтеуі есебіне жарғылық қордың мөлшерін N 2 қосымшаға сәйкес тиісінше өзгерту жөніндегі есеппен, емдеу-сауықтыру кешенін мемлекет меншігіне қабылдасын.

Құрылысты аяқтау акционерлердің келісімімен "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының қаражаты есебінен қаржыландыратын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған объектілерді (сүт зауыты, қонақ үйлер, кірпіш зауыттары, ағаш өңдеу зауыты, көкөніс қоймасы, құрылыс базасы т.б.) "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының балансынан алып, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің балансына берсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, түскен қаражатты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бөле отырып, аталған объектілерді сату немесе жалға беру, олардың негізінде бірлескен өндіріс құру туралы мәселені шешсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесе отырып, бір апта мерзім ішінде тұрғын үй қоры мен бала бақшаларды Шығыс Қазақстан облысы әкімінің балансына берсін және 1996 жылға арналған бюджетте оларды ұстауға қаражат көздейтін болсын. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы келтірілген зиянды 1995 жылы өтейтіні және акционерлік қоғам қызметкерлеріне қатысты нақты шығыстарды жабатын бағалар енгізілгенге дейін коммуналдық қызмет көрсетуді дотациялайтыны ескерілсін.

10. "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамының және Ертіс мыс балқыту зауытының мемлекеттік акциялар пакеттерін басқаруға беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 қыркүйектегі N 1247 қаулысының "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы құрамына кіретін Ертіс мыс балқыту зауытының "Далекс Трейдинг Лимитед" фирмасының басқаруына берілуіне қатысты 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті басқару контрактісіне тиісті өзгертулер енгізсін.

11. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" және "Зырян қорғасын комбинаты" акционерлік қоғамдарын бірыңғай кешенде жекешелендіру жөнінде дайындық жұмыстарын акциялардың мемлекеттік пакеттерінің сыртқы басқаруға берілу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі бөлген кредиттердің қайтарылу мүмкіндігін ескере отырып жүргізсін.

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының аффинаж өндірісі бойынша мемлекет мүдделерінің сақталуы ерекше ескерілсін.

12. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Шығыс Қазақстан аумақтық комитеті "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамымен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының қатысуымен құрылған шағын кәсіпорындар мен кооперативтерді таратсын. Комбинаттың осы кәсіпорындардың жарғылық қорына қосқан ақша салымдары оның есеп-шотына қайтарылсын.

13. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
15 қарашадағы
N 1534 қаулысына
1 қосымша

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік

қоғамы бойынша қайта ұйымдастыру процедураларын
жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясының
құрамы

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда
министрінің орынбасары, комиссия төрағасы

Итеғұлов М.С. - Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші
банкі басқарма төрағасының орынбасары,
комиссия төрағасының орынбасары

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті
басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті
төрағасының бірінші орынбасары (комиссия
төрағасының орынбасары)

Комиссия мүшелері:

Раханов І.С. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының
орынбасары

Скоз Е.Я. - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Қасенов Н.С. - "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты"
акционерлік қоғамының сенімді басқарушысы

Садчиков Б.Я. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда
министрлігінің түсті металлургия жөніндегі
департаменті директорының орынбасары

Құлдаров Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының бас салық
инспекторы

Берлизева Л.Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
материалдық өндіріс салаларын басқару

бөлімінің бастығы

Биекенов С.К. - Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің
кедендік бақылау ұйымдастыру басқармасы
бастығының орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
15 қарашадағы
N 1534 қаулысына
2 қосымша

Бюджет және несиелер бойынша берешегін өтеу есебіне

мүлікті қайта бағалау мен сатуға байланысты "Өскемен
қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы
жарғылық қорының мөлшерін өзгерту жөніндегі есеп

Рет	Көрсеткіш	Жарғылық қордың көлемі (мың теңге)			
N					
		1995 жыл.	1995 жыл.	1995 жыл.	процентте
		ғы 1 қаң.	ғы 1 шіл.	ғы 1 қа.	
		тарда	деде	рашада	

1. Жарғылық қордың	7151720	11983598	7885742
мөлшері, мың теңге			

2. Акциялар саны	672982	672982	989650	100%
------------------	--------	--------	--------	------

3. Акцияның құны (теңге)	10627	17800	7968	
-----------------------------	-------	-------	------	--

4. Акцияларды бөлу:

мемпакет (дана)

29,8 процент	200709	200709	517277	52,3
--------------	--------	--------	--------	------

еңбек ұжымының

акциялары (дана)

53,1 процент	356676	356676	356676	36,0
--------------	--------	--------	--------	------

оның ішінде

артықшылық

берілгендері		178338	18,0	
--------------	--	--------	------	--

Орналастырылмаған,

мемлекетке басқаруға

берілетін акциялар

пакеті	115597	115597	115597	11,7
--------	--------	--------	--------	------

Анықтама:

Сатылатын емдеу-

сауықтыру кешенінің

құны, мың теңге	3814143	4097856	0	
-----------------	---------	---------	---	--